

№182 орта мектеп

***Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы
ауданы бойынша білім бөлімінің «№182 орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу
жылындағы №4 Педагогикалық кеңес
Хаттамасы***

Басықара ауылы

Наурыз 2024 жыл

27.03.2024 жылы №182 орта мектепте өткізілетін

№4 педагогикалық

кеңестің

К ү н т ә р т і б і :

1. 2023 – 2024 оқу жылының III оқу тоқсанындағы оқушылар үлгерімі мен білім сапасының талдауы.
2. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс барысы жайлы.
3. Мұғалімдердің біліктілігін көтеру және аттестаттау мәселесі
4. Қатаң есептегі құжаттардың жүргізілу мәселелері.

*Хабарламашылар: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары-
Т.Нұрмаханов.*

5. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында атқарылған жұмыстар. Ата-аналар институтымен жүргізілген жұмыстар

*Хабарламашы: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-
Ж.Нурмаганбетова .*

6. «Тәуекел тобы» оқушылармен жүргізілген жұмыстар туралы.

*Хабарламашы: Мектеп психологы—С.Айғабыл, әлеуметтік-педагог
Р.Кемалова.*

7. ҰБТ – пән мұғалімдерінің жұмыстарына талдау.

*Хабарламашы: Директордың бағдарлы оқыту ісі жөніндегі орынбасары
А.Ағыбай*

8. 2023 – 2024 оқу жылының жазғы тынығу лагерін ұйымдастыру туралы.
Әлеуметтік-педагог Р.Кемалова.

9. «Мектепішілік ғылыми зерттеу жұмыстарының жүргізілуі. «Дарын», «Зереде», «Жас өлкетанушылар» бойынша ғылыми жобалар байқауының 2023-2024 оқу оқу жылы бойынша атқарылған жұмыстары мен жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспары туралы».

Қосымша білім беру маманы – А.Рысқұлов

10. Білім алушыларды «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен 5-8, 10 -сыныптарда аралық аттестаттау бойынша әдістемелік ұсыным

Хабарламашы: Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ж.Баймағамбетова

11. Ағымдағы мәселелер.

Хабарламашы: Мектеп директоры – Г.Бақытберген

Уақыты: 10.00 – химия кабинеті.

Күн тәртібі бойынша « 2023 – 2024 оқу жылының III оқу тоқсанындағы оқушылар үлгерімі мен білім сапасының талдауы, үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс барысы жайлы, мұғалімдердің біліктілігін көтеру және аттестаттау мәселесі, қатаң есептегі құжаттардың жүргізілу мәселелері» туралы мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Нұрмаханов хабарлама жасады.

Қызылорда облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылы мемлекеттік аттестаттауға енгізілген мектептерден алынған тестілеу бойынша білім басқармасы тарапынан 2023-2024 оқу жылының II тоқсандағы білім сапасына мониторинг жүргізілді.

Білім сапасы орташа – 55,7%-ды құрағанмен, тестілеу қорытындысы – 29,9%, айырмашылық 25,8%. Сонымен бірге, 9-сыныптағы «Үздік аттестатқа» үміткерлер саны – 166, «5» баға алғаны – 7. 159 оқушы өз білімдерін дәлелдей алмаған.

Жалпы қатысқан 2741 оқушының 1469-ы, яғни 53,5% «3» болса, 453-і немесе 16,5% «2» баға алған.

4 сынып бойынша білім сапасы - 63%. (10 үздік, 7 екпінді)

Сапаны қамтамасыз ету департаменті алған тест бойынша жақсы бағалар көрсеткіші 88,8%. (жақсы бағалар 5,4,3. 2 оқушы 5 алған, 8 оқушы 4 алған, 14 оқушы 3 алған.) Осының ішінен **білім сапасын шығарған кезде 37%.**

9 сынып бойынша білім сапасы 62,5%, 6 үздік оқушы бар.

Сапаны қамтамасыз ету департаменті алған тест бойынша білім сапасы 63,5%, **6 үздік оқушыларымыз өз бағаларын дәлелдей алмай отыр.**

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2024 жылғы «29» наурызындағы №1 хаттамалық шешіміне сәйкес, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№182 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келуіне байланысты **АТТЕСТАТТАЛДЫ.**

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру өлшеуіштері бойынша білім беру ұйымының жалпы жиынтық бағасы – 53 балды құрады. Білім беру ұйымының қызметі «жақсы» деп бағаланды.

Білім беру ұйымының бағасы: «ожақсы» - 4.

Комиссияның 2024 жылғы «29» наурызындағы №1 хаттамалық шешімі.

Ұсыныс:

- Дайындық жүргізетін әрбір пән мұғалімдері компьютер сыныптарында жұмыс жасауға, сабақ үдерісінде ББЖМ тапсырмаларын кіріктіруге.
- Аттестаттау комиссиясының оң шешіміне байланысты төмендегі қызметкерлерді аудандық білім бөлімінің марапатына ұсынуға:

1. Жеткербаева Бекзат Асылбекқызы – информатика пәні мұғалімі;
2. Алиева Бакыткул Нургалиевна – оператор;
3. Шаки Анар Жолдасқызы – оператор;
4. Күзембай Гүлнар Ерболатқызы – оператор;

	1а	1б	2	3	4
Оқушы саны	17/10	17/8	11/4	17/9	27/19
Үздіктер			4/3	5/3	9/7
Екпінділер			5/1	7/3	9/8
Білім сапасы(%)			82	70	66
Динамика (+,-)			1	7	3

	5а	5б	6	7	8	9а	9б
Оқушы саны	16/6	15/7	18/8	24/10	18/8	16/7	15/9
Үздіктер	4/3	3/2	6/5	4/4	3/2	6/4	2/2
Екпінділер	8/3	8/3	7/3	7/3	7/6	4/1	6/5
Білім сапасы (%)	75	73	72	46	55	62	53
Динамика (+,-)	19			6			7

	10	11
Оқушы саны	9/3	18/7
Үздіктер	2/2	3/2
Екпінділер	3/1	7/4
Білім сапасы	55	55
Динамика (+,-)		

14 сынып жиынтығы бар. 12 сыныпқа баға шығады. Ең төменгі білім сапасы 7 сыныпта 46%. Бұл сынып жұмыс жасауды қажет етеді.

Үшінші оқу тоқсаны бойынша **238** оқушы. Оның ішінде қыздар - **115**

Үздіктер – **49**

Екпінділер – **80**

ІІІ тоқсан бойынша мектептің білім сапасы **54,2%** (динамика жоғарылаған 0,1%)

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс барлық уақытта жасалып отырады. Бастауыш бойынша 1-2 сынып мұғалімдері үлгерімі төмен оқушыларды оқушылардың тоқсан аралық демалысы күндері мектепке шақыру арқылы, сабақ аяқталғаннан кейін оқушымен жеке жұмыстар жасау арқылы жүргізіп отыр. 3-4 сыныптың мұғалімдері ББЖМ және халықаралық зерттеулерге байланысты дайындық жүргізу кезінде үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыс жасап отыр. Негізгі және жоғары сыныптың пән мұғалімдері үлгерімі төмен оқушылармен сабақ процесі кезінде деңгейлік тапсырмалар беру арқылы жүзеге асырып отыр.

№	Регион	Наименование ОО	Ф.И.О.	ИИН	Предмет	Категория		Общий педагогический стаж	Наличие сертификата ОЗП в 2023 г.	Дата сдачи ОЗП в 2023 г.	Язык сдачи тестирования	Является ли ООП (справка инвалидитд)
						действующая	заявленная					
1	Казалинск	общеобразовательная школа №182	Нурмаханов Талант Токтасынович	880307301752	география	эксперт	исследователь	14	нет		казахский	нет
2	Казалинск	общеобразовательная школа №182	Балманова Гүлназ Советовна	710214402064	физика	эксперт	исследователь	30	нет		казахский	нет
3	Казалинск	общеобразовательная школа №182	Сүйінтай Сұлушаш Сейділдәқызы	840515401148	казахский язык и литература	эксперт	исследователь	18	нет		казахский	нет
4	Казалинск	общеобразовательная школа №182	Исмайлова Лаззат Нуржановна	690209401709	начальная школа	модератор	эксперт	19	нет		казахский	нет
5	Казалинск	общеобразовательная школа №182	Прназаров Талгат Жадигерович	780302300499	физкультура	модератор	эксперт	20	нет		казахский	нет
6	Казалинск	общеобразовательная школа №182	Жеткербаева Бекзат Асылбековна	940317401013	информатика	модератор	эксперт	7	нет		казахский	нет
7	Казалинск	общеобразовательная школа №182	Кенжебай Айнұр Нұртасқызы	880704401787	история	без категорий	модератор	9	нет		казахский	нет
8	Казалинск	общеобразовательная школа №182	Ұлықпан Гүлнұр Сейтжанқызы	930602400766	вожатый	без категорий	модератор	9	нет		казахский	нет
9	Казалинск	общеобразовательная школа №182	Бақытбергенов Гүлдәурен Бақытбергеноұлы	800407300812	директор школы	без категорий	третья	21	нет		казахский	нет

Ұсыныс:

1. Аттестацияға баратын пәннің мұғалімдері аттестацияға қажетті құжаттардың көшірмесін (мұғалім және оқушы жетістігі, біліктілік арттыру курстары, мұғалім тәжірибесінің таралуы) 2024 жылдың 12 сәуірінен кешіктірмей ұсынуға;

"Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығы.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген білім беру қызметінде білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептегі құжаттардың нысандарындағы нысандар:

- орта білім беру ұйымындағы бұйрықтарды тіркеу [кітабы](#)
- орта білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесі хаттамаларының [кітабы](#)
- орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің жеке құрамын есепке алу [кітабы](#)
- білім алушыларды жазатын алфавиттік [кітап](#)
- ✓ 1-4-сыныптарға арналған сынып [журналы](#)
- ✓ 5-11 (12)-сыныптарға арналған сынып [журналы](#)
- ✓ факультативтік сабақтардың/үйде оқыту [журналы](#)
- ✓ босатылған және ауыстырылған сабақтарды есепке алу [журналы](#)
- ✓ мектепалды сыныптарының [журналы](#) осы бұйрыққа
- ✓ білім алушылардың үлгерімі туралы табельдерді есепке алу [кітабы](#)
- ✓ 1-4 сынып білім алушысының үлгерімі туралы [табель](#)
- ✓ 5-11(12) сынып білім алушысының сабақ үлгерімі туралы [табель](#)
- негізгі орта орта білім беру ұйымын бітіргендігі туралы аттестатты беру және есепке алу [кітабы](#)
- жалпы орта білім туралы аттестатты есепке алу және беру [кітабы](#)
- мақтау грамоталарын және мақтау қағаздарын беруді есепке алу [кітабы](#)
- орта білім беру ұйымынан кеткен білім алушыларды есепке алу [кітабы](#)
- орта білім беру ұйымына келген білім алушыларды есепке алу [кітабы](#)

Күн тәртібі бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында атқарылған жұмыстар. Ата-аналар институтымен жүргізілген жұмыстар» туралы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Нурмағанбетова хабарлама жасады.

2023-2024 оқу жылына арналған «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН» іске асыру бойынша бір жылға жоспар жасалынып бекітілген.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Биылғы оқу жылының ерекшелігі – тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылып келеді. Қазіргі таңда білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында **ұлттық мүдде, ар-ұят, талап** сияқты құндылықтар көрініс табуда. Сонымен бірге **«Ұлттық құндылықтар – тәрбие өзегі»** барысында тәрбие бағыттары бойынша:

- **«Төрт тоқсанға 4 өнер»**
- **«Тоғыз айға 9 іс - шара»**
- **«Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығы»**
- **«Оқуға құштар мектеп» бағыты бойынша «Балалар кітапханасы»**
- **«Дебат клубы»**
- **«Мектеп парламенті»**
- **«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы**
- **«Даналық мектебі» жобасы**
- **«Мектеп театры»** бағыттары бойынша жұмыстар көрсетілген.

1 қыркүйек – Білім күніне орай **«МЕКТЕБІМ МЕЙІРІМ МЕКЕНІ»** атты салтанатты жиын өткізіліп, салтанатты жиында Мемлекеттік Ту енгізіліп, Қазақстан Республикасының Гимні орындалған. Салтанатты жиынға аудан әкімінің орынбасары Сүйеубаев Жалғас Оңғарұлы, аудандық білім бөлімінің әдіскері Әбіл Әмірхан және ауыл округінің бас маманы Рысқұл Асқар және жергілікті полиция инспекторы Байділдаев Ерлан қатыстырылған. Сонымен бірге 1 – 11 сынып жетекшілері 1 қыркүйек күні **«Мектебім мейірім мекені»** тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттарын өткізген.

5 қыркүйек

Тіл мерекесіне орай және Ахмет Байтұрсыновтың туған күніне байланысты 4 – 30 қыркүйек аралығында **«ТІЛІМ МЕНІҢ – ТІРЛІГІМНІҢ АЙҒАҒЫ»** атты 10 күндік өткізілген. Осы орайда 8-11 сынып оқушылары үш тілде бейнеқұттықтаулар дайындап, Қазақстан халқын тілдер күнімен құттықтаған. **«МЕНІҢ ТАҢДАУЫМ – ҚАЗАҚ ТІЛІ»** челленджіне 5-9 сыныптар үн қосып, Тілдер апталығының 10 күндігі шарасы өз деңгейінде өткізілген.. Қорытынды кеште оқушылар Тіл ұлттың жаны екенін насихаттап көркем сөз оқып, ән айтып, би билеген. Шара барысында 8 сынып оқушылары тіл

жанашыры Ахмет Байтұрсыновтың **«Анаға хат»** көрінісін сахналап әсерлі жеткізді. Кеш соңында 10 күн бой әртүрлі іс-шараларға қатысқан оқушыларға бағалы сыйлықтармен марапаттар берілген.

2023 жыл 8 қыркүйек күні мектепте 1-4, 5-9, 10-11 сынып оқушылары арасында денсаулықтың адам өмір сүруі үшін аса қажеттілігін, оны сақтай білудің адам өміріндегі маңызы, өз денсаулығын күте білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында **«ДЕНЕ СЕРГІТУ»** Республика бойынша челленджді өткізілген.

Ата – аналар жиналысы өткізілді. 27 қыркүйек күні 5-11 сынып оқушыларының ата – аналарымен Басықара ауылдық округінің маманы Оразалы Ғ және мектеп әкімшілігінің қатысуымен жиналыс өткізілген.

29 қыркүйек күні мектебімізде **«Су тасқыны қауіп туындаған жағдайда оқу - жаттығу жүргізу»** бойынша оқу – жаттығу жұмысы жүргізілді. Оған педагогтар – 38, қызметкерлер саны – 40, оқушылар саны – 230.

2023 жылдың 3 қазан күні мектепте 5 қазан Ұстаздар мерекесіне орай **«ДУБЛЕР КҮНІ»** өткізілген.. Яғни, оқушылар бір күн мұғалім болып сабақ берген.. Мектеп директоры , тәрбие, оқу орынбасарлары орнына отырып өздерінің мұғалімге деген құрметін сезінеді.

5 ҚАЗАН – Ұстаздар күніне орай мектепте **«ҰСТАЗ АТЫ БИІК ӘРІ МӘҢГІЛІК»** тақырыбында мерекелік жиын өткізіліп, Ұстаздардың төл мерекесі қарсаңында ҚР Оқу – ағарту министрі Ғани Бектайұлы Бейсембаевтың мектеп ұжымына жіберген Алғыс хаты табыс етілді. Мерекеге ардагер ұстаздар шақыртылып, өздерінің шәкірттерге ыстық лебіздерін білдіріп, ұжымға ақ батасын беріп, жиын соңында ардагер ұстаздарымызға сыйлықтар таратылған.

16 қазан күні **«ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР»** жобасы аясында «Айтыс күдіретті өнер» тақырыбында 5-11 сынып оқушылары арасында ашық танымдық сабақ өткізілген. 11 сыныптан Абат А, 6 сыныптан Төлеген Е, 5 сыныптан Қалдыбек Қарақаттар өз өнерлерімен ерекшеленіп, марапатқа ие болған.

"Төрт тоқсанға төрт өнер" жобасы аясында мектептің көркем еңбек пәнінің мұғалімі Ағыбаева Жаңагүл 6-сынып қыздар арасында “Тоқыма бұйымдарын тоқу” барысында ыстық ыдысқа арналған сүлгіше, телефон қаптамасын т.б әртүрлі бұйымдардың тоқылуын үйреткен.

“Ұлттық өнер” көрмесіне 5 "б" сынып оқушылары арасында “Қағаздан жасалған бұйымдар “ бөлімі бойынша “Аппликация”. “Квиллинг” тақырыбында қағаздан әртүрлі бұйымдар жасады. Оқушылар қауіпсіздік ережесін сақтай отырып, аппликация, квиллинг тәсілдері арқылы әдемілікті сезіне білді. Аппликация және квиллинг жұмыстарын өте әдемі жасаған. Басықара ауылдық клубымен бірлесе отырып 19 қазан күні мектептегі 8-9 сыныптар арасында ер балалармен салт дәстүрлермен баталы сөздерді насихаттау, дәріптеу мақсатында **«Аталар сөзі – ақылдың көзі»**

тақырыбында салт – дәстүрге байланысты сұрақ – жауап ұйымдастырылған. 21 қазан күні Мектеп Парламентінің Президентін сайлауы өткізілген. Сайлауға 3 үміткер түскен. 8-11 сынып оқушылары арасында үгіт – насихат жұмыстары жүргізіліп, қорытындысында 10 сынып оқушысы Мейрімжан Зере Нұрланқызы 69 дауыспен **«Мектеп Парламенті»** сайлауында жеңіске жеткен. «25 қазан – Республика күні мерекесіне орай» мектепішілік іс – шаралар жоспарына сәйкес **«Қазақ елі Менің - Отаным»** тақырыбында сынып сағаттары өткізілген.. Сонымен бірге **ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫН ОРЫНДАУ ЧЕЛЛЕНДЖІ** болып, оқушылар аулада барша Қазақстандықтарды Республика күнімен құттықтау үндеуін жолдаған. 24 қазан күні мектебімізде Республика күніне орай «Қыран елім - Қазақстаным» тақырыбында эссе байқауы өткізілді. **«ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ҰЛДАРЫ»** тақырыбында АӘД пәнінің мұғалімі Нұрбай Жәнібек 9-11 сынып оқушылары арасында әскери патриоттық сайыс өткізген. Сайыстың 5 шарты бойынша сынаққа түскен үш команданың арасынан 11 – сыныптың командасы жеңімпаз деп танылып, марапатқа ие болған.

27 қазан күні мектебімізде 8-11 сыныптар арасында **«КҮЗГІ БАЛЛ - 2023»** байқауы өткізіліп, байқау нәтижесінде 10 – сынып оқушылары Амантай Нұрсаят пен Болатқызы Балауса «Күз ханзадасы мен ханшайымы - 2023» атанды.

Оқушылардың күздік демалысын ұйымдастыру мақсатында мектепішілік 30 қазан мен 5 қараша аралығында **«КҮЗДІК ДЕМАЛЫС»** іс-шарасы жасалынып, жоспары бекітілген. Іс – шара барысында 30 қазан күні 5а-5б сыныптармен **«ДНАЛЫҚ МЕКТЕБІ»** жобасы аясында **«Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет»** тақырыбында аталармен кездесу сағаты өткізілген.

31 қазан күні 6-сынып оқушылары арасында **«Ата-анаммен өткізген бір күнім»** челленджі ұйымдастырылған. Сынып жетекшісі Ахметова Мархаббат. 1 қараша күні 10 сынып оқушыларымен **«Суицид – қоғамдағы ірі проблемалардың бірі...»** тақырыбында оқушыларға түсіндірме жұмысын жүргізген. 2 қараша күні 1-4 сыныптар арасында **«ЖЕТКІНШЕКТІҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ»** жобасы аясында **«Бес нәрсеге асық бол...»** тақырыбында сынып сағаты өткізілген.

"Жеткеншектің жеті жарғысы" бағытында **"Кітапхана - әлем қызығы** тақырыбында №182 орта мектеп кітапханасы 15 қараша күні 1 "а","б"сынып оқушыларымен кітапханаға саяхат ұйымдастырған. Барлығы 34 оқушы.

11 сыныптармен **«Менің бизнес идеяларым»** атты сынып сағаты өткен. 9а – 9б сыныптарымен **«Буллинг құрбаны - жасөспірімдер»** тақырыбында буллингке қарсы түсіндірме жұмыстарын жүргізілген. Сонымен бірге оқушылардың арасында құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында түнгі кезекшілер тобының жұмыстары ұйымдастырылған.

"НАҒЫЗ ҚАЗАҚ — ДОМБЫРА"

№ 182 орта мектебінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жоспарына сәйкес, қараша айының 20—ы күні домбыра күні өткізілді.

Жалпы, домбыраға деген қызығушылық әрі музыкалық аспаптың танымалдылығы ешқашан да төмендеген емес. Біздің мектебімізде де домбыраның құлағында ойнайтын оқушылар көп. Бұл қуантарлық жайт. Бұл дәстүрді сақтап, оны келесі ұрпаққа аманат етіп тапсыру біздің басты мақсатымыз.

Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Бұл күні оқушылар өздеріне ұнайтын күйлерін ойнайтын, бір бірімен күй тартудан жарысқан.

"АСЫҚ АТУ" ЧЕЛЛЕНДЖІ

"9 АЙҒА 9 ІС-ШАРА" ЖОБАСЫ

Мектепте 2023 жылдың 17 қараша күні **"9 айға 9 іс-шара"** жобасы аясында ұлттық дәстүрді және ойынды дәріптеу мақсатында республикалық "Асық ату" челленджі өткізілді. Челлендж барысында білім алушылар **"БЕС АСЫҚ", "БЕС ТАБАН", "ХАНТАЛАПАЙ"** ойындарын ойнады. Ұлттық ойындардың бірі – асық ойыны баланың ой-өрісін және көкжиегін кеңейтеді, мінезін төзімділікке, қозғалысын дәлдікке ептейді, көздің көру қабілетін арттырады. Сондықтан мектепте ұлттық ойын түрлерін жаңғырту және насихаттау үшін оқушыларды асық ойынына баулу басты құндылықтардың бірі болып табылады. Челленджді өткізген дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Алдажаров Бақытжан.

"ДОСБОЛЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН"

2024 жылдың 26 қаңтарында 5-7 сыныптар арасында интеллектуалдық сайыс өткізілді.

Сайыс:

ТАНЫСТЫРУ (топтың аты, ұраны)

ЖЕКПЕ ЖЕК(байырғы өлшем бірлік мағынасы)

ЖАМБЫ АТУ(қасиетті сандар)

ТЕҢГЕ АЛУ(байырғы есептер шығару)

АУДАРЫСПАҚ(мақал- мәтел құрастыру)

ШАБЫТ(өлең құрастыру) кезеңдерінен тұрды.

Сайысты ұйымдастырған мектептің математика пәнінің мұғалімдері Әбілова Жаңылған, Ахметова Мархаббат, Асанов Есбол. Сайыс нәтижесінде жоғары ұпаймен 5"б" сыныбынан құралған **"БОЛАШАҚ"** тобы I орын, 6 сыныптың **"ҮЗДІКТЕР"** II орын,

7 сыныптың **"ЖАЛЫН"** тобы ІІІ орынды иеленді. Сайысқа қатысқан командалар дипломдармен, белсенді қатысқан оқушылар сыйлықтармен марапатталған.

«ҚАЗАҚ ЕСЕБІ» челленджі

2024 жылдың 26 қаңтар күні **"Біртұтас тәрбие бағдарламасы"** аясында бір уақытта Асқар Жұмаділдаевтың ұсынған есептерін шығаруды қамту мақсатында **"Тоғыз айға тоғыз іс - шара"** жоспарына сәйкес "Қазақ есебі" челленджі ұйымдастырылды.

Ұлттық қазынамыздың бірі - қазақтың байырғы қара есептері. Мектебімізде математика пәні мұғалімдері бірлесіп 5-7 сыныптар арасында "Қазақ есебі" интеллектуалды сайысын өткізді. Байырғы ұлттық ерте замандағы тұрмыс салты әлеуметтік өмірі мен мәдениеті және басқа сипаттары туралы аса құнды ақпараттар алуға болатын есептермен таныстырды.

Сынып жетекшілер әдістеме бірлестігінің отырысы өткізілген. **«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** бойынша сыныптардың жас ерекшелігін ескере отырып, тәрбие жоспарлары жасалынған. Әр отырыста оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, оқушыларды тәрбиелеу бағдарламаларын жасауды, оларды іске асыру бойынша жаңа тәсілдер қамтамасыз ететіліп, оқу тоқсанында жүргізілетін жұмыстар туралы айтылған. Тәрбие процесінің проблемаларына, тәрбие жұмысының нәтижелеріне, тәрбие жұмыстары саласындағы жағдайлар мен перспективалық мүмкіндіктеріне талдау жасалған. Тәрбие жұмысы жөніндегі, мәдени-тәрбие шараларды дайындау және өткізу жөніндегі қажетті әдістемелік құжаттамаларды таныстыру, ағарту жұмыстары жүргізілген. **Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығының** жұмыс жоспары таныстырылып, талқыланып, қазан айынан бастап, жұмыс бағыты бойынша ата - аналар кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары әзірленген. Кеңестің отырысында 2022-2023 оқу жылындағы ата - аналар кеңесінің атқарған жұмыстарының есебі, қайта сайлау. Жаңа оқу жылын ұйымдастыру туралы айтылған. Тоқсан сайын ата – аналар жиналысы, «Ашық есік күні» ұйымдастырылған. Жаңа жыл мерекесіне ата – аналар тарапынан демеушілік ұйымдастырылып, қайырымдылық акциясы өткізілген. Ата – аналар жиналыстарда балаларының үлгерімі туралы пікірлесіп, психолог мамандардың кеңесін алған.

2023-2024 оқу жылының қыздар және ұлдар ұйымының жұмыс жоспары жасалынып, бекітілген. Қыз баланың қоғамның белсенді мүшесі екенін ұғынуға, адал достықты түсінуге, өнерге, мәдениетке, өткен тарихымызды білуге, оны қадірлеуге отан сүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында 2023 жылдың 19 қазан күні **«Қызға қырық үйден тыю»** тақырыбында 8-11 сынып (36 оқушы) қыз балаларымен дөңгелек үстел өткізілген. Қозғалған

тақырып: жасөспірімдер арасында орын алып жатқан келеңсіз оқиғалар, әлімжеттік және бұзақылық, ерте жүктілік, зорлық – зомбылық, түнгі мезгілде көшеде жүрмеу, мектептің ішкі тәртіп ережесін бағыну және мектеп формасын сақтау.

2023 жылдың 21 қараша күні **«Қызғалдақ»** қыздар ұйымының отырысы өткізіліп, **«Ерте жастан жүктіліктің алдын алу»**, **«Әлеуметтік желілер, түрлі алданулар»**, **«Қыздың жолы жіңішке»**, **«Өмір, қымбатсың маған!»** тақырыптарында мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ж. Нурмағанбетова, мектеп медбикесі Н. Сансызбаева, педагог – психолог С. Айғабыл баяндамалар оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізген. 2024 жылдың 23 қаңтар күні «Салауаттылық - салтымыз» тақырыбында қыздармен пікір алмасу өткізген. Қозғалған тақырып: бүгінгі таңда жасөспірімдер арасында орын алып жатқан зиянды әрекеттер оның ішінде **«электронды темекінің»** зияны, нашақорлық, дұрыс тамақтану туралы айтылған.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» қараша айындағы жоспарыны сәйкес сынып жетекшілер мен мектеп парламенті және «Жасұлан» ұйымының ұйымдастыруымен 5-7 сыныптар арасында **«Біз темекі шегуге қарсымыз»** тақырыбында спорттық сайыс өткізілді. Сайыс соңында жақсы нәтиже көрсеткен сыныптарды мектеп әкімшілігінің Алғыс хатымен марапатталған.

2023 жылдың 27 – 28 желтоқсан күндері 1-4 сыныптар мен және 5-11 сыныптарға ата- аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында ІІ оқу тоқсанының қорытындысы, оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, каникул күндеріндегі су, мұз, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мереке күндерінде пиротехникалық құралдарды қолдануға тыйым салу және кәмелетке толмағандардың түнгі беймезгіл уақытта заңды өкілінсіз жүру, нашақорлық, буллинг, зорлық – зомбылықтың алдын алу мәселелері айтылған.

2023 – 2024 оқу жылында «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» бағытында **«Балалар кітапханасы»** жобасы аясында жұмыстар жүргізілген.

5 қыркүйек-Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай №182 орта мектеп кітапханасында **"Мемлекеттік тіл-ел бірлігінің негізі"** тақырыбында көрме жасалынған.

Оқушыларға 5 қыркүйек Қазақстан халқы тілдері мерекесі күні болып аталу себебі түсіндірілді. "Ақыл көркі-тіл, тілдің көркі-сөз" атты сөз жарыста оқушылар тіл туралы мақалдар айтып жарысты. Көрме жанында оқушылар Совет Еркеназ, Темірхан Ұлжан, Ұлықпан Зибанұр ақындардың тіл туралы өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Шара соңында оқушыларға ынталандыру сыйлығы табысталды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасының оқу залында 4 қазан күні мұғалімдер күніне арналған **Ұстаз – мектептің жүрегі »** тақырыбында көрме ұйымдастырылған.

5-7 сынып оқушыларына Талай жас түлекті ұшырған ардагер ұстаздар Барымбетова Шәкизада, Қазі Айымкул, Оразымбетова Зибагул

апайларымыздың өмірбаяны таныстырылды. «Қалдырған ізің мәңгілік» бөлімінде оқушылар өздерінің сүйікті ұстаздарына арналған әндер, жырлар, жүрекке жылы тиетін тілектерін айтты. Ұлағатты ұстаздардың еңбекқорлығы, ұстаздық келбеті мен ұстанымы, атқарылған шынайы істері бүгінгі таңда ұрпақтарға үлгі өнеге. Оқушылар ардағар ұстаздар жөніндегі деректерді осы көрмеден пайдалануда.

«Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында күзгі демалыс кезінде "Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз" атты іс-шарада №182 орта мектеп кітапханасы ұйымдастырған 5-сынып оқушыларының оқыған кітаптарын ұсынамын.

Мақсаты: Күзгі демалыс кезінде балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оқыған кітаптарын достарымен бөлісу.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында, Оқуға құштар мектеп бағытында "Бір ел-бір кітап" акциясы барысында "Менің сүйікті кітабым" тақырыбында №182 орта мектеп кітапханасы буктрейлер ұйымдастырған.

"Жеткеншектің жеті жарғысы" бағытында **"Кітапхана - әлем қызығы"** тақырыбында №182 орта мектеп кітапханасы 15 қараша күні 1 "а", "б" сынып оқушыларымен кітапханаға саяхат ұйымдастырған. Барлығы 34 оқушы.

"Оқуға құштар мектеп" бағытымен "Балалар кітапханасы" жобасы аясында ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл толуына байланысты №182 орта мектеп кітапханасы "Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыр" тақырыбында поэзия кешін өткізген.

Поэзия кешінің мақсаты:

Қазақтың көрнекті ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен шығармаларымен танысу, өлеңдері арқылы болашақта ел-жұртының есті азаматы болып қалыптасуына ықпал ету. Кеште ақынның өмірбаяны, шығармалары оқушыларға таныстырылды. Аса көрнекті ақын 1893 жылы 28 қазанда Көкшетау облысының Қызылту ауданында туған. 1920 жылы жабысқан дерт кеселінен 27 жасында қайтыс болды. Ұлт үшін күрескен қайраткер Сұлтанмахмұт Торайғыров - 27 жас өмір сүрсе де артына мол мұра қалдырған қаламгер. Кеште оқушылар ақын өлеңдерін мәнерлеп оқыды. "Шығамын тірі болсам адам болып", "Мен қазақ", "Шәкірт ойы" тағы басқа.

ҚЫСТА КІТАП ОҚИМЫЗ

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының "Оқуға құштар мектеп" пен мектеп кітапханасы жобасын іске асыру мақсатында қысқы демалыс кезінде «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» атты іс-шараларды ұйымдастыруға арналған әдістемелік ұсынымдары аясында Басықара ауылындағы N182 орта мектептің 5 "Б" сынып оқушыларының қысқы демалыста оқыған кітаптарынан үзіндіні ұсынған.

"ДОСБОЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН" АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА
#ЕҢКӨПОҚИТЫНСЫНЫП БАЙҚАУЫ ӨТКІЗІЛДІ

"Оқуға құштар мектеп" мемлекеттік жобасын дамыту мақсатында және "Балалар кітапханасы" жобасы аясында №182 орта мектеп кітапханасының ұйымдастыруымен "Ең көп оқитын" сынып байқауы ұйымдастырылған.

Байқаудың мақсаты:

Оқушыларды білімділікке үйрету, кітап оқуға саналы түрде баулу.

Өз беттерімен ізденуге тәрбиелеу.

Оқырманның әдеби кітапқа қызығушылығын арттыру.

Байқауға 5"б"-сыныбы, 6-сынып, 7-сынып оқушылары және мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жанар Нұрмағанбетова қатысты.

Байқау шарттары бойынша 1.Таныстыру 2."Жақсы кітап-жан азығы"(кітап жарнамалау). 3."Бейнелер әлемі шақырады"бұл кезеңде бір образды сомдау арқылы актерлік қабілетін көрсетеді. 4."Кітап үйі-кітапхана" бейнебаян (кітап оқу тәсілдерін көрсету).Осы төрт кезең бойынша сыныптар өздерінің білімділіктерін, кітап жарнамалауда автормен,оның шығармасының мазмұнына шолу жасады.Образды сомдауда актерлік шеберліктерін,кітап оқудағы тәсілдерін көрсетті.Байқау қорытындысымен 6-сынып I- орынмен, 5-сынып II-орынмен , 7-сынып III -орынмен марапатталған.

"МЕН ОҚЫДЫМ ЖӘНЕ СІЗГЕ КЕҢЕС БЕРЕМІН"

Облыстық оқу орталығының 11.01.2024 жылғы санды хатына сәйкес кітап оқуды насихаттау мақсатында, **"Мен оқыдым және сізге кеңес беремін"** **библио-кросс.** «Балалар кітапханасы» жобасы аясында "Мен оқыдым және сізге кеңес беремін"тақырыбында №182 орта мектеп кітапханасы библио-кросс дайындалған.

2023-2024 оқу жылында «Сахна және балалар» мектеп театрының аталған жоба аясында **«Театрдың ғажайып әлемі»** тақырыбында театр өнерінің республикалық фестиваль-байқауының аудандық кезеңінде **«Драмалық спектакль»** номинациясы бойынша оқушылар **III** орын дипломымен марапатталған.

Басықара ауылдық клубының ұйымдастыруымен мәдениет саласының ардагері,киномеханик,марқұм Рамберді Әбдірамановтың 80 жылдығына орай өткізілген **«Балалық шағымдағы ең жылы естелік»** атты аудандық ескі кинолардан сайыс өткізілген. Оқушылар **«Менің атым Қожа»** фильмін сомдап шығып, нәтижесінде дипломдармен марапатталған.

Бастауыш сынып мұғалімінің арасында озық педагогикалық іс-тәжірибелерді насихаттау ,тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылған **«Білім мен тәрбиенің баспалдағы-бастауышта»** тақырыбында аудандық семинарда **«Балаңды тәрбиелеме, өзінді тәрбиеле»** атты сахналық қойылым көрсетіп, оқушылар аудандық алғыс хаттармен марапатталған.

Тәуелсіздік мерекесіне орай мектепішілік 3-4 сынып оқушылары арасында **«Тарихи тұлғалар тағылымы»**тақырыбында би,шешендердің өнегелі сөздерінен, қазақтың билері Төле,Қазыбек,Әйтеке билеріміздің шешендік сөздері мен артына қалған аталы сөздерінен сахналық қойылым көрсетіп,өз

өнерлерін ортаға салып, нәтижесінде көзге түскен оқушыларды бағалы сыйлықтармен, мақтау қағаздарымен марапаталған.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 5-11 сыныптар арасында **«Тарих пен тіл тамырлас»** атты сахналық қойылымдар көрсетіп, онда 5-8 сынып оқушылары бірігіп **«Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама»** тарихи көрініс қойса, 9-11 сынып оқушылары арасында **«Желтоқсан оқиғасы»** тақырыбында сахналық қойылым көрсеткен.

М.Әуезовтің 80 жыл толуына орай **«Әуезовтің құстары»** тақырыбында 5-8 сынып оқушыларына деректі фильм көрсетілген.

2023 – 2024 оқу жылында «ДЕБАТ» клубының жұмыс жоспары құрылып, бекітіліп паспорты жасалған.

Қыркүйек айында клубтың жоспары құрылып, командасы қайта жаңартылған. Тіл мерекесіне орай **«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»** тақырыбында 9-11-сыныптар арасында дебат ойыны өткізілген. Ойынның мақсаты: мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңінен насихаттау. Дебатқа үш команда қатысты. Нәтижесінде 11-сынып оқушылары жеңіске жеткен. Дебат ойыны әлеуметтік желіге жарияланған.

Қазан айында Республика күніне орай, ауданда дебат ойыны өткізілді. **«Ойкөкпар»** командасынан 10-сынып оқушысы Мейірімжан Зере мен 8-сынып оқушысы Жұматай Ұлжан қатысты. Нәтижесінде : екі команданың екеуінен де жеңіліс тапқан.

Қараша айы. Мектепішілік дебат клубының жетекшілігімен 10-9-сыныптар ойын болып өткен. Талқыланған қарар: **«Бұл палата онлайн ойындарды тоқтату керек деп есептейді»** . Сайыс нәтижесінде 10-сыныптан құралған **«Ақиқат»** командасының спикерлері өз басымдықтарын дәлелдеп, жеңіс тұғырына жеткен.

Желтоқсан айы. Мектепішілік 7-8-сыныптар арасында **«Интернет кітаптың орнын алмастыра алады»** тақырыбында дебат жетекшісінің ұйымдастыруымен дебат ойыны өткізілді. Ойын мақсаты: оқушылардың кітапқа деген құрметін, құштарлығын арттыру, құндылықтың бағасын түсіну. Ойын барысында оқушылар қоғамдық мәселелерді де тілге тиек ете кетті. Ойын соңында 8-сынып оқушылары мәреге қол жеткізген.

Қаңтар айы. Мектепішілік 9^а-9^б-сынып оқушыларынан құралған **«Парасат»** фракциясы мен **«Зерде»** фракциясы арасында **«Бұл палата Қазақстанда қарттар үйі болмауы керек деп есептейді»** тақырыбында дебат ойыны өткізілді. Ойын барысында екі топта тақырыпқа қатысты мәліметтерді жан-жақты талқылып, ой таразысынан өткізе білді. Ойынның өз дәрежесінде өтуіне екі команда мүшелері де мұрындық болған.(әлеуметтік желіге жарияланды)

31.01.2024 ж. «Жаңа күн – жаңа Қазақстан» тақырыбында жалпы білім беру ұйымдарының 9-11-сынып оқушылары арасында өткен аудандық турнирге мектебімізден құралған «Ойкөкпар» фракциясының атынан Қожабек Нұрсат пен Асылбек Ақбота қатысып келді. Ойын барысында №92 мектеппен болған **«Бұл палата карттар үйі болмау керек деп есептейді»** тақырыбындағы ойында мәреге жетіп, финалға шыққан. Финалда №103 мектеппен болған **«Бұл палата Қазақстан азаматтығын алу талаптарын күшейту керек деп есептейді»** тақырыбындағы ойында команда жеңіліс тапқан.

2023-2024 оқу жылында Мектеп Парламентіне үміткерлер сайланып, жалпы ережелерімен таныстырылып, құрылымы қызметі, құқығы мен міндеттері таныстырылған.

Мектеп Парламенттің Президенті болып Мейрімжан Зере Нұрланқызы сайланған.

Парламент 8 фракциядан тұрады.

- | | |
|---|----------------------------|
| 1. Құқық және тәртіп фракциясы | Жетекшісі: Қуандық Жанәділ |
| 2. Ақпарат фракциясы | Жетекшісі: Бекжан Оңталап |
| 3. Спорт және салауатты өмір фракциясы: | Жетекшісі: Костиркин Илия |
| 4. Өзін-өзі тану бақыт фракциясы:
Сандуғаш | Жетекшісі: Жәдігер |
| 5. Қамқорлық фракциясы: | Жетекшісі: Болат Балауса |
| 6. Мәдениет және өнер фракциясы: | Жетекшісі: Қожабек Нұрсат |
| 7. Дебат қозғалысының фракциясы: | Жетекшісі: Жұматаева Ұлжан |
| 8. Экология және еңбек фракциясы: | Жетекшісі: Темірбек Қымбат |

Жоспар бойынша 9 іс-шара қойылған.

Құқық және тәртіп фракциясына «Бала құқығы» туралы конвенция түсіндірме жұмыстары.

Ақпарат фракциясы «Ең үздік репортаж» бинероликтер байқау.

Спорт фракциясына «Денсаулығың өз қолыңда» спорттың қысқы түрлерінен жарыс

Дебат фракциясына «Компьютер пайдалы ма? Зиян ба?» пікірталас.

Өзін-өзі тану бақыт фракциясы «Мен өмірді сүйемін» атты психологиялық тренинг.

Қамқорлық фракциясы «Қамқорлық қымбат сый» ардагерлердің ауласына көмек беру.

Экология және еңбек фракциясы «Қысқы ертегі» қар мүсіндерін жасау.

Мәдениет және өнер фракциясы «Біз өнерлі жастармыз» концерт ұйымдастыру.

АТА – АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ бағдарламасын іске асыру бойынша 1 қараша күні 1-4 сынып ата – аналарымен алғашқы сабақ **«Отбасы – бақыт бесігі»** тақырыбында тренинг – сабақтар өткен. Сабақ барысында мектептің арнайы маманы Жүніс Жәния

«Оқу мен жазу бұзылыстары бар және есте сақтауы, қабылдауы төмен оқушылармен жүргізілетін тиімді әдіс - тәсілдер» тақырыбында ата – аналарға түсіндірме жұмысы мен тренинг ұйымдастырған. Сабаққа ата – аналар өте риза болып, қызығушылықтарын танытқан.

2 қараша күні 5-9 сыныптар ата – аналары арасында **«Баланың бас ұстазы – ата - ана»** тақырыбында тренинг – сабақ өтілген. 5 – 9 сынып жетекшілері ата – аналармен алғашқы сабақты жаңа форматта өткізген.. Ата – аналар ризашылығын білдірген. Сонымен бірге 10-11 сынып ата – аналарымен бірге **«Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...»** тақырыбында сабақ ұйымдастырылған. Сынып жетекшілері ата – аналармен психологиялық ахуалды жақсарту мақсатында қызықты **«Сәлемдесу», «Ашулы шар», «Мені көзімнен тап», «Жүрек жылуы»** ойын – жаттығуларын өткізген.

3 қараша күні 7-8 сыныптар арасында **«Әкем айтқан нақыл сөз»** тақырыбында танымдық сағатын өткен.

"ШУАҒЫН ШАШҚАН ӘЖЕЛЕР"

Әже өнегесі – ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы құндылық, тәрбиенің қайнар көзі. Әже алдын көріп, тәлімін алған, тарихта есімі қалған ұлылар көп. Зере әжесінің зерделі аңыз-әңгімелері мен жыр-дастандарын тыңдап өскен бала Абай дана Абайға айналды. Ал Айғанымдай әженің тәрбиесін алған Шоқан қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы болды. Бұдан өзге Біржан сал, Мұхтар сынды қазақтың біртуар азаматтары да әженің тәрбиесін көріп, әженің алақанынан түлеп ұшқан. Яғни, қазақтың нар тұлғалы азаматтарының көбі әже мектебінен сусындап өскен адамдар. Әже мектебін көргендерді бауырмал мінезінен танимыз. Қандай қызметте, қандай лауазымды атқарып жүрсе де әже мектебінен шыққандар бойындағы айрықша жылылығынан кімнен тәрбие алғанын білдіріп тұрады. Мектепте Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының **«Даналық» мектебінің** бір бөлімі **«Әжелер» мектебінің** жоспарына сәйкес қаңтар айында **«Шуағын шашқан әжелер»** тақырыбында жасұландармен жұмыс жүргізілуде.

Мақсаты:

жасөспірім қыздарға бағыт - бағдар беру, оларды имандылыққа баулу, дін мен дәстүрді сабақтастырып түрлі шаралар ұйымдастыру;
әжелердің бала тәрбиесіндегі рөлінің жоғары екенін көрсету;
қазақ халқындағы "әже" ұғымының қасиетін балаға түсіндіру.

2023 жылдың 27 – 28 желтоқсан күндері 1-4 сыныптар мен және 5-11 сыныптарға ата- аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында ІІ оқу тоқсанының қорытындысы, оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, каникул күндеріндегі су, мұз, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мереке күндерінде пиротехникалық құралдарды қолдануға тыйым салу және кәмелетке толмағандардың түнгі беймезгіл уақытта заңды өкілінсіз жүру, нашақорлық, буллинг, зорлық – зомбылықтың алдын алу мәселелері айтылды.

"ӘЖЕМ АЙТҚАН ЕРТЕГІ" «Балалар кітапханасы» жобасы аясында

Халық ертегілері арқылы балалардың бойына адалдықты, елжандылықты, инабаттылықты, мейрімділікті, батырлықты қалыптастыру.

Мақсаты: Ертегі айту - ұлттық сана, ұлттық тәрбиенің өзегі әжелер мектебінің рухани құндылықтарын бала бойына сіңіру. Балалардың тұла бойына даналық, мейрімділік асыл қасиеттерін сіңірген әжелеріміздің аялы алақаны, сезімге толы сөздері, әлемдегі баға жетпес қасиетті сөздерін үйрету. Отбасылық ертегі оқу күніне орай №182 орта мектеп кітапханасы сіздерге "Әжем айтқан ертегі" тақырыбында 3-сынып оқушысы Шәкизад Аягөз әжесі Раймамен, 3-сынып оқушысы Әлдебай Қадір-Әли әжесі Ұлбосынмен, және 4-сынып оқушысы Қалдыбек Мерей әжесі Базаркулмен, 4-сынып оқушысы Қайрат Нарқыз әжесі Гүлшарамен айтқан аңыз әңгімені, ертегіні, ұмыт болып бара жатқан салт - дәстүрлерді назарларыңызға ұсынамын.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ - ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ"

Ұлттың ұлт болып қалыптасуы ең алдымен ұлттық құндылықтарды дәріптеуден бастау алады. Ұлттық құндылықтарымыз – ұлтымыздың мәңгілік қорғаушы шамшырағы. Ұлттың қорғаны – бұл біздің ұлттық болмысымызды көрсететін тіліміз, дәстүріміз және рухани мұрамыз. Кезінде ата-бабаларымыз елімізді «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» қалай қорғаса, ұлттық болмысымыз бізді жаһандану секілді алып айдаһардан дәл солай қорғайтындай.

Мектебімізде ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында ақпан айының 29 күні Басықара ауылындағы №182 орта мектепте "БІРТҰТАС ТӘРБИЕ" бағдарламасы аясында "Даналық мектебі" жобасы негізінде "ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ - ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ" тақырыбында 5-10 сынып ата-аналары арасында сайыс өтті.

Сайыстың шарты:

✿Таныстыру (топтың аты, эмблемасы).

✿Өзөнерін көрсету.

✿Ұлттық ойындар (асық ату, ләңгіойнау, күбіпісу, ұршық иіру).

✿Ұлттық тағамдар.

✿Сұрақ-жауап.

Сайысқа 5-6 сынып ата-аналарынан құралған "Дәстүр", 5а-9б ата-аналарынан құралған "Шаңырақ" тобы, "Қазына" 8-9 а ата-аналарынан құралған, "Елім-ай" 7-10 сынып ата-аналарынан құралған топтары қатысты.

Сайыс өтетін тәртібі, әрі қызықты өтті.

АТА - АНАНЫҢ АЛҒЫС ХАТТАРЫ

Білім беру ұйымдарында ақпан айындағы әлеуметтік желі бойынша іс-шара жоспарына сәйкес "АТА - АНАДАН АЛҒАУСЫЗ АЛҒЫС" хаттар шарасына 5-6 сынып ата-аналарының алғыс хаттары. Сынып жетекшілері: Ахметова Мархаббат, Асанов Есбол

АТА-ӘЖЕНІҢ БАЛАСЫМЫН"

№182 орта мектебінде 2024 жылдың қаңтар-мамыр іс шаралар жоспарына сәйкес ақпан айында бастауыш сыныптар аралығында "Ата-әженің баласымын" тақырыбында фото-челлендж ұйымдастырылуда. Фото-

челленджге қатысушы 4 сынып оқушыларының отбасылық фотоларын ұсынамыз. Сынып жетекшісі: Ағыбаева Махаббат
Отбасындағы ата-әженің бала тәрбиесіндегі рөлін айшықтау.

"Менің тату отбасым"

№182 орта мектебінде 2024 жылдың қаңтар-мамыр іс шаралар жоспарына сәйкес ақпан айында бастауыш сыныптар аралығында "Менің тату отбасым" тақырыбында фотобайқау ұйымдастырылуда. Байқауға қатысушы бастауыш сынып оқушыларының отбасылық фотоларын ұсынамыз. Сынып жетекшісі Мырзатева Жаңыл мен Ағыбаева Махаббат.

Отбасы - сүйіспеншіліктің құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы, яғни кез келген зиялы қоғамның діңгегі.

Діңгегіміз аман болсын. Әрбір бала тату отбасында, ата мен әженің, әке мен ананың махаббатына шомылып өссін.

Күн тәртібі бойынша «2023 – 2024 оқу жылының жазғы тынығу лагерін ұйымдастыру туралы» әлеуметтік педагог Р.Кемалова хабарлама жасады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы №1005 Қаулысы Кепілдендірілген әлеуметтік пакеттен тыс қаржылай және материалдық көмек:

- 1) киім, аяқ киім, мектеп-жазу құралдарын сатып алуды;
- 2) оқу орны бойынша тамақтандыруды ұйымдастыруды;
- 3) қаржылай көмек көрсетуді;
- 4) оқушылардың мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларға қатысуын көздейді. Қаржылай көмек көрсетуге арналған қаражатты жұмсау осы Қағидалардың 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген білім алушылар мен тәрбиеленушілер үшін жүзеге асырылады. Оқитын жерінде бір рет тамақтандыруды ұйымдастыру қаражатты жұмсаудың басым бағыты болып табылады. Сонымен қатар, жергілікті өкілді органдар жеңілдікпен жол жүруді ұйымдастыру, **сондай-ақ қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерге жолдамалар беру үшін жергілікті бюджеттерде қосымша қаражат көздеуге құқылы. Қала сыртындағы және мектеп жанындағы демалыс лагерьлеріне жолдама алу**, сондай-ақ білім алушылардың мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларға қатысуы осы Қағидалардың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген білім алушылар мен тәрбиеленушілерге де қолданылады делінген.

Біздің мектебімізде жыл сайын мектептегі әлеуметтік топқа жататын оқушылардың жазғы демалысын тиімді өткізу мақсатында тынығу лагерлері ұйымдастырыл жүр. Мектеп жанындағы «Балдәурен» күндізгі

тынығу лагеріне 30 оқушы және аудандық «Шағала» тынығу лагеріне 21 оқушы демалады. Биылда мектебімізде оқушылардың жазғы демалысын тиімді өткізу үшін бала санын көбейтіп отырмыз, мектеп жанындағы әлеуметтік топқа жататын 30 оқушы болса, 50 оқушы ақысыз демалады, яғни барлығы 80 оқушы. Мектеп жанындағы лагер 2 ауысымда өткізіледі. «Шағала» тынығу лагеріне 21 оқушы демалады деп отырмыз.

Ұсыныс:

Мектеп жанында ұйымдастырылған лагердің I ауысымында бастауыштың балалары толық қамтылуына байланысты бастауыш пәнінің мұғалімдері толық қамтылса.

Күн тәртібі бойынша «ҰБТ – пән мұғалімдерінің жұмыстарына талдау» тақырыбында директордың бағдарлы оқыту ісі жөніндегі орынбасары А.Ағыбай хабарлама жасады.

2023-2024 оқу жылында 11-сыныпты бітіруші 18 оқушы. 16 оқушы ҰБТ-ға қатысуға өтініш білдірген болатын. Қазіргі таңда 16 оқушы ҰБТ-ге қатысады. Соның ішінде 9 оқушы шығармашылық тапсырады. Дайындық кестелері жасалды, пән мұғалімдері ішінара дайындық жұмыстарын жүргізуде. Оқушылар дайындықтарын пән мұғалімдерімен және ақылы курстар арқылы жалғастыруда

Шығармашылық тапсыратын 9 оқушы оқу сауаттылығы мен қазақстан тарихы бойынша дайындықтарын жүргізуде. Бірінші бейіндік пәндер бойынша: 1 оқушы математика, 6 оқушы биология пәндерін, екінші бейіндік пәндер бойынша: 1 оқушы химия, 1 оқушы физика, 5 оқушы география пәндерінен дайындық жұмыстарына қатысуда.

ҰБТ-ға қатысушылардан ақпан айында 2 рет сынама тест алынды. 2024 жылдың 09 ақпан күні ҚАЗБілім орталығынан дайындалған кітапша арқылы, 21 желтоқсан күні ЮСТАДИ орталығына барып тест алынды.

Ақылы қаңтар тестке 14 оқушы тіркелді. Қаңтардың 22-23 күні ЮСТАДИ орталығына барып алғашқы сынамаға түседі.

Ұсыныс

1. ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын жан-жақты ұйымдастыруға;
2. Міндетті пәндер: математикалық сауаттылық, қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы, бейінді пәндері: биология, география, химия, математика, қазақ тілі мен әдебиеті, физика, информатика пәні мұғалімдерін оқушыларға дайындық жұмыстарын тиянақты жүргізуге;

3. ҰБТ-ға түскен пән бойынша пән мұғалімдері сараптама жұмыстарының қорытындысын тапсыруға.

Күн тәртібі бойынша «Мектепшілік ғылыми зерттеу жұмыстарының жүргізілуі. «Дарын», «Зерде» және басқадай әртүрлі ғылыми зерттеу жобалар байқауының 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмыстары мен келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспары туралы» қосымша білім беру маманы А.Рысқұлов хабарлама жасады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007.12.28.№668 бұйрығымен жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жарыстарын өткізу ережелері толықтырылып бекітілген. Осында көрсетілген ережелерді негізге ала отырып мектебімізде «Үміт» атты бастауыш ғылыми қоғамы құрылған. Ережеге сәйкес қоғам 4 бағытқа бөлінген.

- 1.Физика,техника,ғаламшар туралы ғылымдары ,жетекшісі: Балманова Г.
- 2.Математика,қолданбалы математика,экономика,информатика,жетекшісі:Әбілова Ж.
- 3.Химия,биология,қоршаған ортаны қорғау,жетекшісі:Аюбаева Ж.
- 4.Тілдер және әдебиет,өлкетану,тарих,құқықтану,жетекшісі:Сүйінтай С.

Жалпылама алғанда 4 бағытқа барлығы 16 секция біріктірілді.

1 және 2 жартыжылдықтардың басында ғылыми қоғамның жұмыстарды бекіту мақсатындағы отырыстары өткізілді.

Оқу жылы басында «Ғылыми жұмыстарды жазудың тиімді жолдары» тақырыбымен мектепшілік дөңгелек стол өткізілді.

Ғылыми қоғам бағыттарының жетекшілерімен бірге ауданда ұйымдастырылған «Ғылыми жобалардағы озық инновацияларды талдау» атты конференцияға қатыстық.

«Зерде», «Дарын» конкурстарымен қатар басқа да түрлі деңгейдегі ғылыми шығармашылық сайыстарға оқушылар тартылды.

Күн тәртібі бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ж.Баймағамбетова «Білімалушыларды «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен 5-8, 10 -сыныптарда аралық аттестаттау бойынша әдістемелік ұсыным» тақырыбында баяндама жасады.

Қазақ тілі бойынша емтихан 125-бұйрықтың 35-тармағына сәйкес білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі» және оқыту өзге тілде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша нысанда өткізіледі.

1. Аралық аттестаттау мақсаты-білім алушылардың «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру деңгейін негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі – МЖМББС) талаптарына сәйкес бағалау.
2. Аралық аттестаттаудың міндеті: білім алушылардың білім берудің келесі деңгей материалдарын игеру дайындығы мен функционалдық сауаттылықтарының қалыптасу деңгейлерін бағалау.

Негіздеме:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы; «Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасын бекіту туралы 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 1-қосымшасы.

3. Емтиханды өткізу талабы.

Емтихан қазақ тілінде өтеді.

Емтиханды өткізу уақыты білім беру ұйымының педагогикалық кеңесімен айқындалады (27-31 мамыр аралығында 9,11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау уақытынан басқа уақытта өткізу ұсынылады).

Ерекше білім қажет ететін оқушылар үшін педагогтің дайындаған жеке білім бағдарламасы мазмұнына сай емтихан тапсырмалары құрастырылады.

4. Үлгілік оқу бағдарламасымен байланысы

Білім алушыларды аралық аттестаттау негізгі орта білім беру деңгейінің 5-8,10-сыныптарына «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын қамтиды.

Білім алушылардың білімі, білігі, сондай-ақ дағдылары МЖМББС күтілетін нәтижелерімен анықталады.

Қазақ тілінің мәртебесін арттыруды көздеп 5-8,10-сыныптарда өткізілетін оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі» және оқыту өзге тілде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша аралық аттестаттау – негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) білім деңгейінде академиялық жылды аяқтаған кезде «Қазақ тілі» және «Қазақ тілі

мен әдебиеті» пәндері бойынша білім алушылардың бағдарлама мазмұнын меңгеруін бағалау нысаны ретінде қарастырылады.

5. Емтихан мазмұны. ЫІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әр сынып бойынша ұсынған белгіленген мақсаттары бойынша тапсырмалар жасалады. Жалпы балл: 30. Балл бағаға айналдырылады. Қазақ тілінде білім алатын мектептерде емтихан қазақ тілі пәнінен тапсырылады. Орыс тілінде білім алатын мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша өткізіледі.

Күн тәртібі бойынша мектеп директоры ағымдағы мәселелерге тоқталып өтті.

1. Мектептің ішкі тәртібінің сақталуы бойынша айта келіп, сабақ уақытында мұғалімдердің мектептің ішкі тәртібін қатаң сақтауын ескертті. Мектеп мұғалімдерінің кезекшілігі мен жауапты тұлғалардың жауапкершілігіне тоқталып өтті.
2. Көркейту – көгалдандыру айлығы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқтала келіп, алдағы жұмыстардың бағытын айтып өтті.
3. Облыстық білім басқармасының тәрбие саласы бойынша жүргізілген зерделеу жұмысының нәтижесімен таныстыра келіп, кеткен кемшіліктер мен болашақ жоспар барысында ескеру керек мәселелерді айтып өтті.
4. Оқушыларды жазғы тынығу лагерімен қамту бойынша және оқушылардың еңбек бригадаларын құру бойынша мәселелерге тоқтала келе, жазғы лагерь ұлттық тәрбие бағыты бойынша жүру керектігі айтылды.

№4 Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. 2023-2024 оқу жылының III оқу тоқсанының қорытындысын басшылыққа ала отырып, жіберілген кемшіліктермен жұмыс жасалсын.
2. 2023-2024 оқу жылының III оқу тоқсанының қорытындысы бойынша үлгерімі төмен оқушылармен арнайы жоспар жасалынып, жұмыстар жүргізілсін.
3. Мемлекеттік аттестацияға баратын пәннің мұғалімдері аттестацияға қажетті құжаттардың көшірмесін (мұғалім және оқушы жетістігі, біліктілік арттыру курстары, мұғалім тәжірибесінің таралуы) 2024 жылдың 12 сәуірінен кешіктірмей мектепшілік комиссияға ұсынсын.
4. "Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығында көрсетілген қатаң есептегі құжаттардың жүргізілуі туралы әрбір жарты жылдық сайын педагогикалық кеңесте қарауға ұсынылсын. Бұл жұмысқа жауапты болып мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.Нұрмаханов бекітілсін.
5. 2023 – 2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында атқарылған жұмыстар мен «Ата-аналар институтымен жүргізілген жұмыстар» жоспарға сәйкес өз жалғасын тапсын. Әрбір өткізілген шара әлеуметтік желіге жариялансын. Бұл мақсатта жұмыс жасауға барлық сыныптар тартылсын. Атқарылған жұмыстар туралы жылдық есеп №5 педагогикалық кеңеске ұсынылсын.
6. Ұлттық Біріңғай Тестілеуге дайындық жұмыстары әр пән бойынша пән мұғалімдері тарапынан жан-жақты ұйымдастырылсын.
7. Міндетті пәндер: математикалық сауаттылық, қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы, бейінді пәндері: биология, география, химия, математика, қазақ тілі мен әдебиеті, физика, информатика пәні мұғалімдерін оқушыларға дайындық жұмыстарын тиянақты жүргізсін.
8. ҰБТ-ға түскен пән бойынша пән мұғалімдері сараптама жұмыстарының қорытындысы мен нәтижесі туралы пед кеңесте және директор жанындағы кеңестерде хабарлама жасау мектеп директорының бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары А.Ағыбайға міндеттелсін.
9. «Мектепшілік ғылыми зерттеу жұмыстарының жүргізілуі бойынша және «Дарын», «Зерде» және басқадай әртүрлі ғылыми зерттеу жобалар байқауының қорытындысына сай атқарылған жұмыстардың қорытындысы мен жылдық есебін және келесі оқу жылына жасалған жоспарын директор жанындағы кеңеске ұсыну қосымша білім беру маманы А.Рысқұловқа міндеттелсін.

10. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысына сәйкес әлеуметтік топтағы оқушыларға берілетін көмекке байланысты құжаттар дайындау мен түсіндіру жұмыстарын жүргізу мектептің әлеуметтік педагогы Р.Кемаловаға міндеттелсін.
11. Мектеп жанындағы «Балдәурен» күндізгі тынығу лагеріне қатысатын әлеуметтік топтағы 30 оқушы нақты анықталып, оқушылардың құжаттарын дайындау мен ұсыну сынып жетекшілерден сұралсын.
12. Аудандық «Шағала» тынығу лагеріне баратын 21 оқушы нақтыланып, баратын уақытын ескерту мен құжаттарын дайындау сынып жетекшілерге тапсырылсын. Осы жұмыстардың жауапкершілігі мектептің әлеуметтік педагогы Р.Кемаловадан сұралсын.
13. Мектеп жанындағы жазғы тынуға лагеріне тартылатын 50 оқушымен жұмыс жасау үшін мектеп жанынан ұлттық құндылыққа негізделген (ағаш үй құру) орын дайындалсын. Директор жанындағы кеңеске мектеп жанындағы жазғы тынығу лагерінде жұмыс жасайтын мектеп мұғалімдерінің құрамы ұсынылсын.
14. Қазақ тілі бойынша емтихан 125-бұйрықтың 35-тармағына сәйкес білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі» және оқыту өзге тілде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша нысанда өткізілсін.
15. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы; «Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасын бекіту туралы 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 1-қосымшасы негізге алынсын.
16. Емтихан материалдарын дайындау мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне міндеттелсін.
17. Емтиханның өтілуіне, материалдарының дұрыстығына мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.Нұрмаханов жауапты деп танылсын.

- 18.Мектептің ішкі тәртібі қатаң сақталсын. Мектеп мұғалімдерінің кезекшілігі мен жауапты тұлғалардың жауапкершілігі ескертілсін.
- 19.Көркейту – көгалдандыру айлығы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жоспарға сай өз жалғасын тапсын.
- 20.Облыстық білім басқармасының тәрбие саласы бойынша жүргізілген зерделеу жұмысының нәтижесінде анықталған кемшіліктер жөнделіп, тиісті құжаттар толықтырылсын. Осы жұмыстың атқарылуы туралы хабарлама жасау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Нурмағанбетовадан сұралсын.

Педагогикалық кеңестің төрағасы:

Г.Бақытбергенов

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

Ж.Жүніс